

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша PhD
докторанты Сабденова Бағиланың философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін жазылған «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы
бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту»
атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің**

ШКІРІ

Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың теориялық және әдістемелік қырларын бүгінгі күн талабы тұрғысынан қарастыру – көкейкесті мәселе. Себебі білім берудің басты талабы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілік, тұлғалық қатынасына негізделген сапалы оқу үдерісін ұйымдастыру болып табылады да, оқушының жеке тұлға ретінде дамуы алдыңғы орынға шығып, оқушыны алған білімін өмірде шығармашылықпен қолдана білуге, сын тұрғысынан ойлауға, зерттеушілік әрекеттерді игеруге, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуге, тілдік дағдыларды игеруге, топпен жұмыс істей білуге үйрету осыған қол жеткізудің маңызды құралына айналады. Жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш деңгейінде тілдік білім мен тіл мәдениетінің нормаларын меңгеру, сөйлеу әрекеті түрлерін сапалы игеру және оларды тәжірибелік іс-әрекетте қолдана алу қатысымдық дағдыларды дамыту арқылы жүзеге асырылады. Зерттеуде бұл мәселелер оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын анықтап, қатысым теориясы негізінде оқушылардың өз бетімен білім алу машық-дағдыларын қалыптастыратын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары жүйесін жасауымен, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытуға қажетті дидактикалық мазмұнын, оны қолдану деңгейін, қойылатын талаптарын анықтау қағидасы ретінде бастауыш сынып оқушысының моделі түзілуімен, «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесінің» берілуімен шешілген. Қатысымдық дағдыны дамытудың осы тұрғыдан қарастырылуы зерттеу жұмысының бүгінгі күн талабынан шығып отырғандығын және өзектілігін байқатады.

Зерттеу жұмысында екі тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің сақталғандығын көрсетеді. Қатысым теориясы негізінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дамытатын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары жүйесінің жасалуы зерттеу жұмысының практикалық мәнділігін арттыра түседі.

Ізденушінің қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын болашақ мамандар даярлауда пайдалану білім алушылардың қазіргі заманауи әдістерге қызығушылығын арттырып, тәжірибеде қолдануға мүмкіндік жасайды.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттеріне қол жеткізген. Зерттеу жұмысын орындау барысында Б.Сабденованың тілдік сауаттылығы мен өзіндік ізденімпаздығы байқалған. Зерттеу жұмысының мазмұны тақырып аясында нақты баяндалған. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге мол талдау жасалған.

Сабденова Бағиланың «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, қорғауға ұсынамын.



**Отандық
ғылыми кеңесші:**

РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ
ЗАБЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕДАГОГИЧЕСКИМ КАЗАНПУ ИЛИ ИИИИ
СОБЫ ПОДПИСЬ	

**педагогика ғылымдарының
докторы, профессор
Жұмабаева А.Е.**